



Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 24 маусымдағы № 256 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 25 маусымда № 39087 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жариялануға тиіс және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 4-тармағының екінші және бесінші абзацтарын қоспағанда, 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау

және реформалар агенттігі

Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2026 жылғы 24 маусымдағы
№ 256 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-1/502 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11848 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларын құруға, олардың жұмыс істеуі мен таратылуына қойылатын талаптар, астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысу шарттарында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) астық қолхаттарын ұстаушылар туралы ақпарат – астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізілімінде қалыптастырылатын және астық қабылдау кәсіпорны Қорға беретін цифрлық құжат;"

11-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16601 болып тіркелген) бекітілген Жеке шоттарды жүргізу қағидаларына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) сұранымы бойынша мемлекеттік кірістер органдарының цифрлық жүйелерінен алынған, есепке алынуы мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешегінің жоқтығы (бар болуы) туралы мәліметтер.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қатысушы кепілдік берілетін астық қолхаттарын мониторингтеу мақсатында ай сайын Қорға астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізілімінен (бұдан әрі – АҚҰМЦТ) астық қолхаттарын ұстаушылар туралы ақпаратты ұсынады.".

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) кепілдіктер алу және астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорының (қорларының) астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді өтеу қағидаларында:

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) АҚҰМЦТ-дан астық қолхаты бойынша дербес шотынан үзінді-көшірме;"

9-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) АҚҰМЦТ-да астық қолхаттары туралы деректердің болмауы;"

2. "Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді берудің нысандарын, көлемін және мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 288 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13931 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізіліміне деректерді берудің нысандарын, көлемін және мерзімділігін бекіту туралы";

осы бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесінен астық қабылдау кәсіпорындарына ресімделген жер учаскелері бойынша деректерді астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізіліміне беру нысаны мен көлемі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесінен астық қабылдау кәсіпорындарына ресімделген жер учаскелері бойынша деректерді астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізіліміне беру мерзімділігі бекітілсін.".

3. "Тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 25 қаңтардағы № 33 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18249 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурс өткізу қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тіркеуші цифрлық жүйе (бұдан әрі – цифрлық жүйе) – астық қолхаттары мен оларды ұстаушылар жөніндегі ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздеуге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған, тізілімді жүргізудің автоматтандырылған жүйесі";

12-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әлеуетті тіркеуші иесі болып табылатын цифрлық жүйе бойынша құжаттардың көшірмелері:

цифрлық жүйені киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі бар сынақтар актісі немесе киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі бар сынақтар хаттамасы;

3) цифрлық жүйенің клиенттеріне ақылы электрондық қызметтер көрсетуге арналған бағалар преysкуранты.";

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Комиссия ұсынылған құжаттар мен әлеуетті тіркеушілердің осы Қағидалардың 12-тармағының талаптарына сәйкестігін айқындайды.

Цифрлық жүйенің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 4-1/699 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12016 болып тіркелген) бекітілген Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларының 3-тармағында көрсетілген мемлекеттік жүйелермен және дерекқорлармен интеграциялық өзара іс-қимылының болуын, сондай-ақ цифрлық жүйеде астық қолхаттарымен операциялар жүргізу, оның ішінде blockchain технологияларын пайдалана отырып жүргізу мүмкіндіктерін растау үшін әлеуетті тіркеуші комиссия үшін клиенттің цифрлық жүйедегі жұмысын көрсетуді жүргізеді.

Цифрлық жүйеде клиенттің жұмысын көрсету әлеуетті тіркеушінің осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігі айқындалғаннан кейін комиссияның отырысында жүргізіледі.

17. Егер конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі ішінде осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін бір ғана конкурстық өтінім ұсынылса, комиссия осы заңды тұлғаны тіркеуші ретінде айқындау туралы шешім қабылдайды.

Егер конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі ішінде осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін бірнеше конкурстық өтінім ұсынылса, комиссия цифрлық жүйе клиентінің дербес шотына жылдық қызмет көрсеткені үшін жыл сайынғы абоненттік төлемақының ең аз мөлшерін негізге ала отырып тіркеушіні айқындайды.

Бұл ретте, астық қабылдау кәсіпорнына астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізіліміне рұқсат бергені үшін жыл сайынғы абоненттік төлем айлық есептік көрсеткіштің отыз алты еселенген мөлшерін құрайды, ал клиенттің (астық қолхатын ұстаушының, астық иесінің, кепіл ұстаушының) жеке шотына жылдық қызмет көрсетілгені үшін жыл сайынғы абоненттік төлемді әлеуетті тіркеуші дербес айқындайды.";

көрестірілген Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы және кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 1 маусымдағы № 178 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22952 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**"

"Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды."

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін цифрлық жүйе;"

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жолдайды.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымайтын мүлікке (астық сақтау орны, элеватор, астық қабылдау пункті) тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы, лицензия туралы, бюджетке лицензиялық алымның төленгені туралы анықтаманы көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Портал мен цифрлық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

"

9-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензияны қайта ресімдеу:

4) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін объект нақты көшірілместен, оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген кезде жүзеге асырылады.

Егер заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің мекенжайының, "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін объектінің орналасқан жерінің мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көшелер атының өзгеруіне байланысты болса, онда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу осы тармақтың бірінші бөлімінің 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылмайды. Лицензиаттардың мекенжайларына мұндай өзгерістер мемлекеттік цифрлық жүйелерді біріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 33-бабы 2-тармағына сәйкес рұқсат беру тәртібі енгізілген қызмет түрінің атауы өзгерген кезде, лицензиаттың лицензияны

және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге құқығы бар

Атауы өзгерген қызмет түріне лицензиясы бар лицензиат лицензияны алдын ала қайта ресімдегеннен кейін лицензияға қосымша алуға құқылы.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.";

13-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13-1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына және көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

Министрлік пен көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді."

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 1-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 3-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне 4-қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 21 маусымдағы № 199 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28554 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түліктік астықты өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялау қағидаларында

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның ұн тарту ұйымдарына азық-түліктік астық жеткізгенін растайтын құжаттардың көшірмелері (астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізілімі порталынан алынған азық-түліктік астық өткізуге арналған бұйрықтың көшірмесі, қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжат, қабылдау-тапсыру актісі);";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жергілікті атқарушы орган агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компаниядан құжаттардың толық топтамасымен бірге өтінімді алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде субсидияларды агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның банктік шотына аудару үшін "Қазынашылық-Клиент" цифрлық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шотын жібереді.

9. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға, жүктеп алуға және пайдалануға, сондай-ақ оларды сұраным бойынша бизнесті мемлекеттік қолдау шараларының субъектілер бойынша мониторингінің цифрлық жүйесін құру жобасы шеңберінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға беруге келісім береді.";

көрестілген Қағидаларға 2 және 3-қосымшалар осы Тізбеге 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидаларын және Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 3 наурыздағы № 67 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35770 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Астық тасымалдауға байланысты шығындардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидаларында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі астық тасымалдау жөніндегі тізілімді және жиынтық ведомості алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде "Қазынашылық-клиент" цифрлық жүйесі бойынша төлем шотын оператордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына жібереді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның астық тасымалдауға байланысты шығыстарын субсидиялау қағидаларында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компаниядан осы Қағидаларға сәйкес келетін құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде "Қазынашылық-клиент" цифрлық жүйесі арқылы агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның қолма-қол ақшаның бақылау шотына төлеу үшін шот жібереді."

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Тіркеушіні айқындау бойынша
ашық конкурс өткізу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

(мемлекеттік орган)

Өтінім

(заңды тұлғаның атауы көрсетіледі)

тіркеушіні айқындау бойынша ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Осымен ақпараттық жүйе:

- 1) веб-порталдық шешімге ие екендігін;
- 2) ашық бастапқы коды бар дерекқорларды басқарудың бос жүйесін пайдаланатынын;
- 3) ашық бастапқы коды бар бос операциялық жүйені пайдаланатынын;
- 4) ақпараттандыру туралы заңнамаға сәйкес цифрлық жүйені өнеркәсіптік пайдалануға қабылдау туралы актіге ие екендігін;
- 5) цифрлық жүйені киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі бар сынақтар актісі немесе киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі бар сынақтар хаттамасына ие екендігін;
- 6) цифрлық жүйенің астық қолхаттарымен операциялар туралы деректерін сақтауға арналған blockchain-платформасы пайдаланатынын;
- 7) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 28 шілдедегі № 4-1/699 бұйрығымен (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12016 болып тіркелген) бекітілген Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік цифрлық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес астық қолхаттарымен операциялар орындауға мүмкіндік беретінін;

8) мемлекеттік жүйелермен және дерекқорлармен интеграцияланғанын, атап айтқанда:

астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензиясы бар заңды тұлғаларға қатысты – рұқсаттар мен хабарламалар саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен;

астық қабылдау кәсіпорындары қаржылық есептілік депозитарийіне беретін ақпаратқа қатысты – бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен;

астық қабылдау кәсіпорындарына тіркелген жылжымайтын мүлік объектілеріне қатысты – жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен;

астық қабылдау кәсіпорындарына тіркелген жер учаскелеріне қатысты – жер қатынастары саласындағы реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен;

тізілімде тіркелген заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге қатысты – заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен;

астық қабылдау кәсіпорындарының лицензиарларына және олардың кеңістіктік (географиялық) деректеріне қатысты – мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік органмен;

салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен – астық қабылдау кәсіпорындары және астық қолхаттарын ұстаушылар шығарған цифрлық шот-фактуралар жөніндегі деректерге қатысты;

астықты ішкі нарықта және экспортқа тасымалдау туралы мәліметтерге қатысты – Ұлттық темір жол компаниясымен;

тізілімде тіркелген жеке тұлғаларға қатысты – сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыруды және сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органмен;

клиенттер цифрлық жүйеде операциялар жүргізу кезінде ақпараттық жүйе қатысушыларының электрондық цифрлық қолтаңба пайдалануына қатысты – Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығымен;

клиенттің "төлемге қарсы жеткізу" опциясын пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыруы үшін – екінші деңгейдегі банктің төлем жүйесімен интеграциясы бар екендігін;

9) техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулігіне 24 сағат/аптасына 7 күн жұмыс істейтін цифрлық жүйені пайдалана отырып, қызметтер көрсетінін растаймыз.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

Мекенжайы және байланыс телефоны _____

_____ (қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

20__ жылғы "____" _____

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
"Астық қолхаттарын шығару
арқылы қойма қызметі бойынша
қызметтер көрсетуге лицензия
беру" мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
1-қосымша

"Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	"Цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы.
		1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, оның ішінде заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөлу нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда, лицензияны және (немесе)

3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 10 (он) жұмыс күні; 2) заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 2 (екі) жұмыс күні; 3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық нысанға ауыстыру үшін – 2 (екі) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушыға ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төлейді, ол Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 616-бабына сәйкес: 1) лицензия бергені үшін – 10 (он) айлық есептік көрсеткішті; 2) лицензияларды қайта ресімдегені үшін – лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды. Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейлі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын

		ұйымдар арқылы, сондай-ақ "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол емес нысанда жүзеге асырылады. Лицензиялық алым: 1) лицензияға қосымшаларды беру кезінде; 2) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабында көзделген негіздер бойынша лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшаларды беру кезінде төленбейді.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру одан кейінгі жақын жұмыс күні жүзеге асырылады).
		Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші; осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтердің электрондық нысаны; лицензияны және (немесе)

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Тізбеге 3 -қосымшаға сәйкес заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші;

2) ақпараты мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері; заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөлу нысандарында қайта ұйымдастырылған кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Тізбеге 3 -қосымшаға сәйкес заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші;

2) ақпараты мемлекеттік цифрлық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;

3) заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген, бөлу жүргізілген заңды тұлғаның лицензияны бөлініп шыққан заңды тұлғаға қайта ресімдеуге келіскені туралы шешімінің электрондық көшірмесі;

4) осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы

	мәліметтер нысаны; лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық форматқа ауыстыру үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық форматқа ауыстыруға арналған өтініші. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымайтын мүлікке (астық сақтау орны, элеватор, астық қабылдау пункті) тіркелген құқықтар және оның техникалық сипаттамалары туралы, лицензия туралы, бюджетке лицензиялық алымның төленгені туралы анықтаманы көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады. Цифрлық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.
	1) заңды тұлғалардың осы санаты үшін Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған қызмет түрімен айналысуы; 2) лицензиялық алымның енгізілмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 4-1/339 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11595 болып тіркелген) бекітілген астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сәйкес келмеуі;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздер

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

5) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы;

6) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілген қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің белгіленуі; Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін құжаттардың ұсынылмауы немесе тиісінше ресімделмеуі негіз болып табылады. Заңды тұлға-лицензиат бөліп шығу және бөлу нысандарында қайта ұйымдастырылған кезде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажетті құжаттардың ұсынылмауы немесе дұрыс ресімделмеуі;

2) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

3) егер бұрын лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлғалар-лицензиаттардың бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болған басқа заңды тұлғаға қайта ресімделсе.

Цифрлық құжаттар сервисі мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді. Цифрлық құжатты пайдалану үшін мобильді қосымшада және пайдаланушының ақпараттық

10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін өзге де талаптар	жүйелерінде қолжетімді әдістерді пайдалана отырып авторизациядан өту керек, одан кейін "Цифрлық құжаттар" бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжат қаралады. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметінің байланыс телефоны 8 (7172) 55-59-61, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.
----	--	--

Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы
 министрінің өзгерістер
 енгізілетін кейбір
 бұйрықтарының тізбесіне
 3-қосымша
 "Астық қолхаттарын шығару
 арқылы қойма қызметі бойынша
 қызметтер көрсетуге лицензия
 беру" мемлекеттік қызметін
 көрсетуге қойылатын негізгі
 талаптардың тізбесіне
 1-қосымша
 Нысан

Заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші

Кімге _____

(лицензиардың толық атауы)

кімнен _____

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған кезде – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лерінің) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруіңізді сұраймын

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

_____ (почталық индексі, ел (шетелдік заңды тұлға үшін), облыс, қала, аудан, елді мекен, көше

атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың нөмірі)

Электрондық почтасы _____

_____ Телефондары _____

_____ Факсы _____

_____ Банктік шоты _____

_____ (шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыратын объектінің мекенжайы _____

_____ (почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен: барлық көрсетілген деректер ресми байланыс деректері болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру

немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші

түрімен айналысуға сот тыйым салмағандығы; барлық қоса беріліп отырған құжаттардың шындыққа сәйкес келетіндігі және жарамды болып табылатындығы; лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде цифрлық жүйелерде

қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісім беретіндігі расталады.

Осымен мен ұсынған (толтырылған) ақпараттың дұрыстығына Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапты болатынымды растаймын.

Басшы _____

(электрондық цифрлық қолтаңбасы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Толтырылған күні:

20__ жылғы " __ " ____

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының
тізбесіне 4-қосымша
"Астық қолхаттарын шығару
арқылы қойма қызметі бойынша
қызметтер көрсетуге лицензия
беру" мемлекеттік қызметін
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптардың тізбесіне
3-қосымша
Нысан

Заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші

Кімге _____
(лицензиардың толық атауы)

кімнен _____

(заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның), заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған кезде, шетелдік заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі) _____

жүзеге асыруға арналған 20__ жылғы " __ " _____ берілген

№ _____

—
(лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшалардың нөмірі(лері), берілген күні

,
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны берген лицензиардың атауы)

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) (керегінің астын сызу)

төмендегі негіздер бойынша (тиісті ұяшықта X көрсетіңіз) қайта ресімдеуді сұраймын:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында белгіленген тәртіпке сәйкес заңды тұлға-лицензиаттың (тиісті ұяшықта

X
көрсетіңіз):

бірігу _____

қайта құру _____

— қосылу _____

— бөліп шығару _____

— бөліну _____

— жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға лицензиат атауының өзгеруі _____

— _____

— 3) заңды тұлға лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

— _____

— 4) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе

лицензияларға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайын өзгерту

— _____

— 5) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта рәсімдеу талабының болуы

— Заңды тұлғаның мекенжайы _____

— (ел – шетелдік заңды тұлға үшін, почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

Электрондық почтасы _____

— Телефондары _____

— Факсы _____

— Банктік шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыратын объектінің

мекенжайы _____
(почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ ғимараттың
(стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен: барлық көрсетілген деректер ресми байланыс деректері болып
табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны
беру

немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге
болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе)
кіші

түрімен айналысуға сот тыйым салмағандығы; барлық қоса беріліп отырған
құжаттардың шындыққа сәйкес келетіндігі және жарамды болып табылатындығы;
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде цифрлық
жүйелерде

қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, қолжетімділігі шектеулі дербес
деректерді пайдалануға келісім беретіндігі расталады; өтініш беруші өтінішті (
халыққа

қызмет көрсету орталығы арқылы жүгінген кезде) халыққа қызмет көрсету
орталығы

жұмыскерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландыруға келіседі

Басшы _____
(электрондық цифрлық қолтаңбасы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының
Тізбесіне 5-қосымша
"Астық қолхаттарын шығару
арқылы қойма қызметі бойынша
қызметтер көрсетуге лицензия
беру" мемлекеттік қызметін
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптардың тізбесіне
4-қосымша
Нысан

**Заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық форматқа
ауыстыруға арналған өтініші**

Кімге _____
(лицензиардың толық атауы)

кімнен _____

(заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның), заңды тұлғаның бизнес- сәйкестендіру нөмірі болмаған кезде, шетелдік заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігінің бизнес- сәйкестендіру нөмірі)

(қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің (түрлерінің) толық атауын көрсету)

жүзеге асыруға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық форматқа ауыстыруды өтінемін.

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(ел – шетелдік заңды тұлға үшін, почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

Электрондық почтасы _____

Телефондары _____

Факсы _____

Банктік шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыратын объектінің мекенжайы _____

(почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

Осымен барлық көрсетілген деректер ресми байланыс деректері болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмағандығы; лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісім беретіндігі расталады.

Басшы _____

(электрондық цифрлық қолтаңбасы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Толтырылған күні:

20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер
енгізілетін кейбір

бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша
Ішкі нарыққа реттеушілік әсер
ету үшін азық-түліктік астықты
өткізу кезінде агроөнеркәсіптік
кешен саласындағы ұлттық
компанияның шеккен
шығыстарын өтеуді
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған нысан

Ұсынылады: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Бірінші сұрыпты бидай ұнының және бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанның бағаларын тұрақтандыру мақсатында ұн тарту ұйымдарына азық-түліктік астық жеткізу туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: № 1-АТА нысан

Мерзімділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20__ жылғы _____

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есептік айдан кейінгі айдың жиырмамына дейін.

Жеке сәйкестендіру нөмірі/ Бизнес сәйкестендіру нөмірі											

Жинау әдісі: электрондық түрде

Р/с №	Ұн тарту ұйымының атауы	Ұн тарту ұйымының орналасқан мекенжайы	Азық-түліктік астықты жеткізу шарты		Белгіленген баға бойынша азық-түліктік астықтың жеткізілгені		
			нөмірі	күні	көлемі тонна	бағасы, теңге	сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6	7	8

Бірінші сұрыпты бидай ұнының және бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанның бағаларын тұрақтандыру мақсатында ұн тарту ұйымдарының азық-түліктік астықты мақсатты пайдалануы туралы есеп

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Есептің тапсырылған күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Бірінші сұрыпты бидай ұнының және бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанның бағаларын тұрақтандыру мақсатында ұн тарту ұйымдарының азық-түліктік астықты мақсатты пайдалануы туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Бірінші сұрыпты бидай ұнының және бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанның бағаларын тұрақтандыру мақсатында ұн тарту ұйымдарының азық-түліктік астықты мақсатты пайдалануы туралы есеп" нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Бірінші сұрыпты бидай ұнының және бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанның бағаларын тұрақтандыру мақсатында ұн тарту ұйымдарының азық-түліктік астықты мақсатты пайдалануы туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

(индексі: 1-АТА нысан, кезеңділігі: ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізді жинауға арналған "Бірінші сұрыпты бидай ұнының және бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанның бағаларын тұрақтандыру мақсатында ұн тарту ұйымдарына азық-түліктік астықты жеткізу туралы есеп" жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – 1-нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. 1-нысанды агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания толтырады.

3. 1-нысанға орындаушы және басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

4. 1-нысанды агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ай сайын, есептік айдан кейінгі айдың жиырмасына дейін ұсынады.

5. 1-нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. 1-нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі.

7. 2-бағанда ұн тарту ұйымының атауы көрсетіледі.

8. 3-бағанда ұн тарту ұйымының орналасқан жерінің мекенжайы көрсетіледі.

10. 6, 7 және 8-бағандарда тиісті айда ұн тарту ұйымына белгіленген баға бойынша жеткізілген азық-түліктік астықтың көлемі, бағасы және сомасы көрсетіледі.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне

Әкімшілік нысанның атауы: "Бірінші сұрыпты бидай ұнының және бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанның бағаларын тұрақтандыру мақсатында ұн тарту ұйымдарының азық-түліктік астықты мақсатты пайдалануы туралы есеп"

Мерзімділігі: ай сайын

Есепті кезең: 20 жылғы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: ай сайын, есептік айдан кейінгі айдың жиырма бесіне дейін.

Жеке сәйкестендіру нөмірі/Бизнес сәйкестендіру нөмірі

[illegible]

Жинау әдісі: электрондық түрде

Бірінші сұрыпты бидай ұнының және бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанның бағаларын тұрақтандыру мақсатында ұн тарту ұйымдарының азық-түліктік астықты мақсатты пайдалануы туралы есеп

Р/с №	Ұн тарту ұйымының атауы	Белгіленген баға бойынша сатып алынған азық-түліктік астық			Өңделген азық-түліктік астық, тонна	Алынған өнім		Белгіленген баға бойынша бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нан өндіру үшін өткізілген бірінші сұрыпты бидай ұны		
		көлемі, тонна	бағасы, теңге	сомасы, мың теңге		бірінші сұрыпты бидай ұны, тонна	кебек, тонна	көлемі, тонна	бағасы, теңге	сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
	Жиыны									

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

_____ аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы/ электрондық цифрлық қолтаңбасы

Мөрге арналған орын _____

Есептің тапсырылған күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Бірінші сұрыпты бидай ұнының және бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанның бағаларын тұрақтандыру мақсатында ұн тарту ұйымдарының азық-түліктік астықты мақсатты пайдалануы туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Бірінші сұрыпты бидай ұнының және бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанның бағаларын тұрақтандыру мақсатында ұн тарту ұйымдарының азық-түліктік астықты мақсатты пайдалануы туралы есеп" нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Бірінші сұрыпты бидай ұнының және бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанның бағаларын тұрақтандыру мақсатында ұн тарту ұйымдарының азық-түліктік астықты мақсатты пайдалануы туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: 2-АТА нысан, кезеңділігі: ай сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Бірінші сұрыпты бидай ұнының және бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген нанның

бағаларын тұрақтандыру мақсатында ұн тарту ұйымдарының азық-түліктік астықты мақсатты пайдалануы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – 2-нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. 2-нысанды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары толтырады.

3. 2-нысанға орындаушы және басшы не оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

4. 2-нысанды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ай сайын, есептік айдан кейінгі айдың жиырма бесіне дейін ұсынады.

5. 2-нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. 2-нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі.

7. 2-бағанда ұн тарту ұйымының атауы көрсетіледі.

8. 3, 4 және 5-бағандарда белгіленген баға бойынша сатып алынған азық-түліктік астықтың көлемі, бағасы және сомасы көрсетіледі.

9. 6-бағанда өңделген азық-түліктік астықтың жалпы көлемі тоннамен көрсетіледі.

10. 7 және 8-бағандарда алынған өнімнің – бірінші сұрыпты бидай ұны мен кебектің көлемі тоннамен көрсетіледі.

11. 9, 10 және 11-бағандарда белгіленген баға бойынша бірінші сұрыпты ұннан бидай нанын өндіру үшін өткізілген бірінші сұрыпты бидай ұнының көлемі, бағасы және сомасы көрсетіледі.